



Аймақ дамуы

«Жолдың жайын жүрген біледі» дейді дана қазақ. Бұл сөздің астарында талай жылдық тәжірибе, талай сапардың машақаты жатыр. Жол – елді елмен, ауылды ауданмен, ауданды облыс орталығымен жалғайтын күретауы. Оның сапасы – тұрғындардың күнделікті тұрмысына, шаруаның жұмысына, көліктің қауіпсіздігіне тікелей әсер ететін мәселе.

Ізтай БЕЛГІБАЙҰЛЫ

Өңірімізде соңғы жылдары автомобиль жолдарын жөндеу мен жаңғырту бағытында бірқатар жұмыстар атқарылып келеді. Жолдар жаңартылып, жекелеген учаскелерде орташа жөндеу жүргізілуде. Дегенмен, жол мәселесі толық шешілді деуге әлі ерте.

Бұл мәселе Қаражал өңіріне де қатысты. Әсіресе, Қаражал, Жәйрем және Атасу бағытындағы жолдың жағдайы тұрғындардың назарында. Өйткені, бұл – елді мекендер арасындағы қатынас үшін ғана емес, облыс орталығына, көршілес өңірлерге қатынайтын жүргізушілер үшін де маңызды бағыт.

Қаражал–Атасу жолындағы жұмыс қай деңгейде?

Ұлытау облысы әкімінің орынбасары Алмаз Ыдырысов өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен баспасөз конференциясында «Қаражал–Атасу» автомо-

Сапалы жол – халықтың басты тілегі



биль жолын қайта жаңғырту және жөндеу жұмыстары туралы ақпарат берген болатын. Ресми мәліметке сәйкес, қазіргі уақытта автомобиль жолының 0–28 шақырым аралығында қайта жаңғырту жұмыстары жүргізіліп жатыр. Бұл учаскедегі жұмыстарды 2026 жылдың соңына дейін аяқтау жоспарланған.

Ал жолдың 118–179 шақырым аралығында орташа жөндеу жұмыстары басталған. Жалпы ұзындығы 61 шақырымды құрайтын бұл учаскенің биыл 25 шақырымы пай-

далануға берілуі көзделген. Қалған жұмыстарды толық көлемде 2027 жылы аяқтау жоспарланып отыр.

Қағаз жүзінде қарасаңыз, жоспар бар, мерзім бар, жұмыс жүріп жатыр. Бұл, әрине, жақсы жаңалық. Бірақ, жолмен күн сайын жүріп жүрген тұрғын үшін мәселенің екінші жағы бар.

Жолдың бүгінгі жағдайы жұртшылықты алаңдатады

Қаражалдан Атасуға, одан әрі облыс орталығына немесе Қа-

рағандыға қатынайтын тұрғындар бұл жолдың қазіргі жағдайын жақсы біледі. Жөндеу жұмыстары жүргізіліп жатқанына қарамастан, кейбір учаскелерде жолдың ауырлығы әлі де сезіледі.

Жолдың жөнделіп жатқаны тұрғындарға үміт сыйлағанымен, көпшілікті алаңдататыны – жұмыстардың қашан толық аяқталып, бағыттың қауіпсіз әрі жайлы жолға айналатыны. Себебі, бұл жолды күн сайын жұмыс бабымен, емханаға және басқа да қажеттілікпен

қатынайтын тұрғындар, сондай-ақ, тасымалдаушылар мен жүк көліктерінің жүргізушілері пайдаланады.

Жолдың жағдайы қала басшысының да тұрақты назарында. Қала әкімі Айқын Елеусізов қоғамдық кеңес мүшелері және депутаттармен бірге аталған бағыттағы жұмыстардың барысын жиі бақылап, мердігерлерге нақты тапсырмалар беріп келеді. Тұрғындардың әлеуметтік желідегі пікірлері мен тікелей жолданған өтініштері де назарға алынып, жол сапасына қатысты мәселелердің шешілуі қадағалануда.

Жұртшылықтың тілегі – жөндеу жұмыстары сапалы аяқталып, бұл бағыттағы жолдың тұрғындар үшін қауіпсіз әрі қолайлы болуы.

Жөндеу жұмыстарының барысы қандай?

Жолдағы жұмыстардың жайын нақтылау мақсатында «ҚазАвтоЖол» Ұлттық компаниясының Ұлытау облысы бойынша филиалына хабарласып, атқарылып жатқан жұмыстар жөнінде ақпарат сұраттық.

Филиал мамандары ұсынған мәліметке сәйкес, Жәйрем–Қаражал–Атасу бағытының 118–179 шақырым аралығында орташа жөндеу жұмыстары жүргізіліп жатыр. Ұсынылған ақпаратта құрылыс жұмыстары 2026–2028 жылдарға жоспарланғаны көрсетілген.

→ 3 бет.

Өзекті




Жәйрем инфрақұрылымы – тұрақты бақылауда

Жәйрем кентінің әкімі Қайрат Жансағымов кенттің әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылым нысандарын тұрақты түрде аралап, жүйелі бақылау жасап тұрады. Кенттегі маңызды жобалардың жүзеге асу барысымен танысып, әлеуметтік нысандардағы жұмыстардың сапасын бағалап, сондай-ақ, тұрғындарды толғандырған коммуналдық-тұрмыстық мәселелерді қарастырады.

→ 2 бет.

В очаге производства

Qarmet возвращает перспективу «Западному Каражалу»



Еще несколько лет назад специалисты понимали, что градообразующее предприятие ждет печальное будущее – существующие запасы подземной кладовой подходили к концу. Но с приходом национального инвестора ситуация кардинально изменилась – АО «Qarmet» приступает к освоению подтвержденных запасов железной и марганцевой руд. Следовательно, предприятие не только продолжит работу – грядет масштабная трансформация, которая самым лучшим образом скажется на развитии нашего города.

→ на 4 стр.

Кент тынысы

Тұрғындар өтініші
назардан тыс қалмайды

Жәйрем кентінің әкімі Қайрат Жансағымовтың жұмысындағы басым бағыттардың бірі – тұрғындармен тұрақты кері байланыс орнату және олардың күнделікті тұрмыс-тіршілігіне қатысты мәселелерді дер кезінде шешу. Өйткені, халықтың әл-ауқаты мен өмір сүру сапасы ең алдымен коммуналдық қызметтердің сапасына, инженерлік желілердің сенімді жұмысына және жергілікті атқарушы органдардың тұрғындар өтініштеріне қаншалықты жедел әрекет ететініне байланысты.

Осы бағыттағы жұмыстар аясында келіп түскен өтініштердің бірі бойынша Жәйрем кентінің әкімі Қайрат Жансағымов «Жәйрем Болашақ» ШЖҚ КМК мамандарымен бірге Мамаев көшесінің тұрғыны Рашат Хадидишаның үйіне арнайы барды. Кездесу барысында тұрғын өз үйіндегі су құбыры, жылумен жабдықтау және көріз жүйелеріне қатысты туындаған мәселелерді жеткізді.

Белгілі болғандай, аталған инженерлік жүйелердің техникалық жағдайы тұрғынды біраз уақыттан бері алаңдатып келген. Әсіресе, күзгі-қысқы кезең жақындаған шақта үй ішіндегі жылыту жүйесінің, сумен қамту және көріз желілерінің тұрақты жұмыс істеуі ерекше маңызға ие. Себебі, мұндай инфрақұрылымдардың ақаусыз қызметі тұрғындардың тұрмыстық жайлылығын ғана емес, денсаулығы мен қауіпсіздігін де қамтамасыз етеді.

Мәселені жан-жақты зерделеу мақсатында коммуналдық кәсіпорын мамандары мен кент әкімдігі өкілдері тұрғын үйді толық аралап көріп, инженерлік желілердің жай-күйіне техникалық бағалау жүргізді. Нәтижесінде орындалуы қажет жұмыстардың көлемі анықталып, оларды кезең-кезеңімен жүзеге асырудың нақты жоспары белгіленді. Сонымен қатар, қажетті материалдар мен техникалық ресурстарды тарту мәселелері де пысықталды.

Ең маңыздысы – мәселені қарау қағаз жүзіндегі талқылаумен ғана шектелген жоқ. Сол жерде тиісті шешімдер қабылданып, жөндеу жұмыстарын ұйымдастыру бойынша нақты тапсырмалар берілді. Жауапты мамандар ақауларды жою және инженерлік жүйелердің қалыпты жұмысын қалпына келтіру бойынша қажетті іс-шараларды қолға алды.

Мұндай тәжірибе жергілікті атқарушы органдардың тұрғындармен ашық әрі тиімді жұмыс жүргізуге ұмтылатынын көрсетеді. Тұрғындардың мәселесін кабинетте отырып қарағаннан гөрі, оқиға орнына барып, жағдаймен өз көзқарасымен танысу қабылданатын шешімдердің сапасы мен нәтижелілігін арттырады. Сонымен қатар, бұл халықтың билікке деген сенімін нығайтып, жергілікті мәселелерді жедел шешуге мүмкіндік береді.

Жалпы, әрбір тұрғынның өтініші – жай ғана арыз немесе шағым емес. Оның артында нақты адамның өмірі, отбасының тұрмысы, күнделікті қажеттіліктері мен үміті тұр. Сондықтан, мұндай мәселелерге бейжай қарамай, оларды уақытылы шешу жергілікті атқарушы органдар жұмысының маңызды көрсеткіштерінің бірі болып табылады.

Жәйрем кентінде тұрғындардың өтініштері мен ұсыныстарын қарау жұмыстары тұрақты түрде жүргізілуде. Әрбір көтерілген мәселе бақылауға алынып, жауапты мекемелердің қатысуымен шешу жолдары қарастырылады. Өйткені, кентті дамыту тек ірі инфрақұрылымдық жобаларды жүзеге асырумен ғана шектелмейді. Тұрғындардың күнделікті өмір сүруіне қолайлы жағдай жасау, олардың мәселелеріне дер кезінде назар аудару және нақты көмек көрсету де өңірдің тұрақты дамуының маңызды бөлігі болып саналады.

Gayharp НАУРЫЗБАЕВА.

Қоғам

Жан жылуы –
шаңыраққа қолдау

Отбасы – адам өміріндегі ең қастерлі ұғымдардың бірі. Шаңырақтың берекесі мен бірлігі қоғамның тұрақтылығымен тікелей байланысты. Ал қиындыққа тап болған отбасыларға қолдау көрсету – ел ішіндегі өзара жанашырлық пен жауапкершіліктің көрінісі.



Ізтай БЕЛГІБАЙҰЛЫ

Отбасы күні қарсаңында Қаражал қаласы «Әділет» партиясының Әйелдер қанаты осындай ізгі бастаманы қолға алды. Белсенді мүшелер Қаражал қаласы мен Жәйрем кентіндегі көмекке мұқтаж төрт отбасының үйлеріне арнайы барып, шаңырақ иелерімен жүздесті.

Жүздесудің ерекшелігі – көмек көрсету үшін отбасының жағдайын сырттай бағалап қана қоймай, оның тыныс-тіршілігімен етене танысып, өзекті мәселелерін тікелей тыңдауға басымдық берілуінде. Әр отбасының әлеуметтік жағдайы мен тұрмыс-тіршілігі әртүрлі болғандықтан, қажеттіліктері де жеке қарастырылды.

Кейде көмек дегеніміз тек материалдық қолдаумен өлшенбейді. Қиындыққа кезіккен жанның жағдайын сұрап, мұң-мұқтажын тыңдап, жылы сөз айту да адамға үлкен демеу бола алады. Әсіресе, отбасы мүшелері үшін қоғам назарынан тыс қалмағанын сезіну – маңызды моральдық қолдау.

Әйелдер қанатының мүшелері кездесулер барысында отбасылардың ұсыныс-тілектеріне құлақ асып, қандай бағытта қолдау қажет екенін саралады. Бір шаңыраққа тұрмыстық көмек қажет болса, енді бір отбасына әлеуметтік мәселелер бойынша сүйемелдеу маңызды болуы мүмкін. Осы тұрғыдан алғанда, тікелей жүздесудің мәні зор.

Мұндай жұмыстардың тағы бір маңызды

қыры – мәселені анықтап қана қоймай, оның шешу жолдарын қарастыру. Қажет болған жағдайда тиісті мекемелермен бірлесіп жұмыс жүргізу, қолданыстағы мүмкіндіктерді пайдалану арқылы отбасыларға қажетті қолдау көрсету көзделеді.

Қоғамдағы өзара көмек пен жанашырлықтың негізі де осындай қарапайым істерден қалыптасады. Бір шаңырақтың мәселесіне бейжай қарамау, оның жағдайына көңіл бөлу – әлеуметтік жауапкершіліктің нақты көрінісі.

Отбасы құндылықтарын дәріптеу тек мерекелік күндермен шектелмеуі тиіс. Әр отбасының берекесін сақтау, қиындыққа тап болған жандарға қолдау көрсету, балалар мен ата-аналардың әлеуметтік әл-ауқатына назар аудару – күнделікті қоғам назарында болатын маңызды бағыттар.

Қаражал қаласы «Әділет» партиясының Әйелдер қанаты ұйымдастырған бұл кездесу де осы мақсатты көздеді. Төрт отбасының жағдайымен танысып, олардың қажеттіліктерін тыңдау арқылы нақты мәселелерге назар аударылды. Ең бастысы – адамға қиын сәтте жалғыз еместігін сезіндіру. Өйткені, қоғамның адамгершілік деңгейі оның әлсізге, көмекке мұқтажға қалай қарайтынымен де өлшенеді. Отбасыға жасалған қамқорлық – ұрпаққа көрсетілген өнеге. Ал бір-біріне қолдау көрсете білген ортада мейірім мен сенім орнығып, береке мен бірлік беки түседі.

Жәйрем инфрақұрылымы – тұрақты бақылауда

(Соңы. Басы 1-бетте)

САПА МЕН МЕРЗІМГЕ ЕРЕКШЕ НАЗАР

Кезекті жұмыс сапары Қаражал қаласының әкімі Айқын Елеусізовтың қатысуымен болды. Жұмыс сапарының алғашқы нысаны күрделі жаңғырту және жөндеу жұмыстары жүргізіліп жатқан № 30 мектеп болды. Қала және кент әкімдері құрылыс-монтаждау жұмыстарының барысымен танысып, ғимарат ішін аралап көрді және мердігер ұйым өкілдерімен жобаның орындалу кестесін талқылады.

Бүгінде білім беру мекемелерін жаңарту мемлекеттік саясаттың маңызды бағыттарының бірі саналады. Заманауи мектеп оқушыларға сапалы білім беріп қана қоймай, олардың қауіпсіздігі мен жайлылығын қамтамасыз етуі тиіс. Сондықтан, нысанда атқарылып жатқан жұмыстардың сапасына ерекше көңіл бөлінуде.

Нысанды аралау барысында Қаражал қаласының әкімі Айқын Елеусізов жобаны іске асыру кезінде формальды көзқарасқа жол беріл-

меуі керектігін атап өтті. Әрбір құрылыс кезеңі қолданыстағы талаптар мен нормаларға қатаң сәйкес орындалуы тиіс. Мердігер ұйымдарға жұмыстардың жоғары сапасын қамтамасыз ету, сертификатталған материалдарды пайдалану және бекітілген мерзімдерден ауытқымау жөнінде нақты тапсырмалар берілді.

Сонымен қатар, мектепті жаңғырту тек ғимаратты жөндеу ғана емес, заман талабына сай білім беру ортасын қалыптастыру екенін ерекше атап өтті. Себебі, бүгінгі атқарылып жатқан жұмыстардың сапасы ертең осы білім ордасында оқитын жүздеген баланың қауіпсіздігі мен жайлылығына тікелей әсер етеді.

ЖӘЙРЕМДІ ГАЗДАНДЫРУ:
ДАМУДЫҢ МАҢЫЗДЫ ЖОБАСЫ

Мектептегі жұмыстармен танысқаннан кейін инфрақұрылым нысандары бойынша жұмыс бағытын Жәйрем кентінің әкімі Қайрат Жансағымов жалғастырды. Басты бағыттардың бірі кенттегі газ тарату желілерінің құрылысы болды.

Жәйремді газдандыру жобасы тұрғындар көптен күткен әрі әлеуметтік маңызы жоғары бастамалардың қатарында. Оның жүзеге асуы коммуналдық қызметтердің сапасын арттырып, тұрғындардың тұрмыс жағдайын жақсартуға және кенттің одан әрі әлеуметтік-экономикалық дамуына жаңа мүмкіндіктер ашуға мүмкіндік береді.

Газ тарату желілерінің құрылыс алаңдарын аралау барысында, кент басшысына мердігер ұйым «Алия-сервис» ЖШС өкілдері атқарылып жатқан жұмыстардың жай-күйі туралы жан-жақты ақпарат берді. Сонымен қатар, жобаны іске асыру барысында туындаған бірқатар өзекті мәселелер де көтерілді.

Талқылау қорытындысы бойынша айтылған барлық ұсыныстар мен мәселелер бақылауға алынды. Жауапты мекемелер мен сала мамандарына туындаған түйткілдерді жедел шешіп, табиғи газды тұрғын үйлерге жеткізу жұмыстарын жеделдету бойынша тапсырмалар берілді. Жалпы газ құбырларын тартып, халыққа газ беру мерзімі 2027 жыл.

Бұл ретте тек мерзімнің сақталуына емес,

құрылыс-монтаждау жұмыстарының сапасына, техникалық талаптар мен қауіпсіздік нормаларының орындалуына да айрықша мән берілуде. Кент басшылығы аталған жобаның іске асуы тұрғындардың әл-ауқатына тікелей әсер ететінін атап өтіп, оның орындалуы тұрақты бақылауда екенін жеткізді.

Қаралған мәселелердің сипаты әртүрлі болғанымен, олардың барлығын біріктіретін ортақ мақсат бар. Ол - тұрғындар үшін қауіпсіз әрі жайлы өмір сүру ортасын қалыптастыру, кенттің тұрақты дамуын қамтамасыз ету және халықтың әл-ауқатын жақсарту.

Ірі инфрақұрылымдық жобаларды жүзеге асыру тұрақты бақылауды, туындайтын мәселелерді дер кезінде анықтауды және жедел шешім қабылдауды талап етеді. Сондықтан, барлық жұмыстар кезең-кезеңімен қадағаланып, жауапты мекемелердің қызметі үйлестіріліп отыр.

Gayharp НАУРЫЗБАЕВА.

Сапалы жол – халықтың басты тілегі

(Соңы. Басы 1-бетте).

Сонымен қатар, 2026 жылы жұмыстардың қарқынды жүргізілуіне байланысты жоспарланған құрылыс жұмыстарының шамамен 60 пайызы аяқталатыны, ал қалған 40 пайызын 2027 жылы орындау көзделіп отырғаны айтылған.

Жол жөндеу жұмыстарын «Арқа-Құрылыс-2009» ЖШС жүргізуде. Техникалық қадағалауды «Нұрай Сервис» ЖШС жүзеге асырады. Бұл – бізге ресми түрде жолданған жауаптағы ақпарат.

61 шақырым – аз жол емес

Жалпы ұзындығы 61 шақырым болатын жол учаскесінің жөнделуі өңір тұрғындары үшін маңызды өзгеріс әкелуі тиіс. Алайда, құрылыс жұмыстары белгілі бір кезеңді талап етеді. Жол жөндеу кезінде техника қозғалысы, уақытша шектеулер, айналма жолдар мен қолайсыздықтар болуы мүмкін. Мұның бәрін жүргізушілер түсінеді. Бірақ, түсіністікпен қатар, тұрғындардың көкейінде заңды сұрақ та бар: жұмыс белгіленген мерзімде және талапқа сай аяқтала ма?

Бұл жерде мәселе тек мерзімде емес. Жолдың сапасы бірінші орында тұруы керек. Себебі, бүгін жасалған жол бірнеше жылдан кейін қайта жөндеуді қажет етпесе ғана оның тиімділігі артады. Сондықтан, жол құрылысының әр кезеңінде сапаға, технологиялық талаптардың сақталуына, пайдаланылатын материалдарға және орындалған жұмыстың беріктігіне мән берудің маңызы зор. Жол – өңірдің дамуына әсер ететін фактор. Қаражал өңірі үшін



сапалы жолдың маңызы ерекше. Қаланың облыс орталығымен және басқа елді мекендермен байланысы ең алдымен автомобиль жолдары арқылы жүзеге асады. Жол жақсы болса, жолаушы да, кәсіпкер де, тасымалдаушы да ұтады. Өнімді тасымалдау жеңілдейді, көліктің шығыны азаяды, уақыт үнемделеді. Ал жолдың жағдайы нашар болған кезде оның кері әсері бірден сезіледі. Көлікке түсетін салмақ артады, жол жүру уақыты ұзарады, жүргізушілердің алаңдаушылығы көбейеді. Сондықтан, «Қаражал–Атасу» бағытындағы жөндеу

жұмыстары – бір ғана жолдың мәселесі емес, тұтас өңірдің өлеуметтік-экономикалық тынысына әсер ететін жоба.

Елдің күткені – сапалы жол

Қазір тұрғындардың күткені – жөндеу жұмыстарының аяқталуы ғана емес, сапалы жолдың пайдалануға берілуі. Жоспар бойынша 118–179 шақырым аралығындағы жұмыстардың негізгі бөлігі 2026 жылы атқарылып, қалғаны 2027 жылы аяқталуы тиіс. Ал 0–28 шақырым аралығындағы қайта жаңғырту жұмыстарының 2026 жылдың

соңына дейін бітуі жоспарланған. Ендігі мәселе – осы жоспарлардың нақты нәтижеге айналуы.

Жол жөндеу – көзге көрінетін жұмыс. Техника жолда тұр, жұмысшылар еңбек етіп жатыр, жаңа жабын төселуде. Бірақ, оның шынайы бағасын уақыт береді. Жол бірнеше жыл өткеннен кейін де өз сапасын сақтай алса, сол кезде ғана атқарылған жұмыстың нәтижесі туралы толық айтуға болады. Қаражал жұрты да дәл сондай жолды күтеді. Көлік жүргізушісі үшін жолдың тегістігі ғана емес, қауіпсіздігі маңызды. Жолаушы үшін диттеген жеріне алаңсыз жету маңызды. Ал тұрғын үшін туған өңірінің басқа елді мекендермен сенімді байланыста болғаны маңызды. Сондықтан, жол құрылысына қатысты әрбір жоспар мен әрбір мерзім тұрғындардың назарында.

Түйін

Иә, жол жөнделіп жатыр. Иә, нақты жобалар бар. Иә, жұмыстардың аяқталу мерзімі белгіленген. Бірақ, халық үшін ең маңыздысы – осы жұмыстардың сапалы аяқталып, жолдың қалыпты әрі қауіпсіз жағдайға түсуі. «Жолдың жайын жүрген біледі» деген сөздің мәні де осында. Жолды оның бойымен күн сайын жүретін адам бағалайды. Қаражал–Атасу бағытындағы көптен күткен жаңарған жолдың игілігін көретін күн де алыс болмаса керек. Ол үшін жоспарланған жұмыстардың сапалы орындалып, белгіленген мерзімдердің сақталуы маңызды. Ендеше, бүгінгі жөндеу жұмыстары ертеңгі сапалы жолға айналсын. Қаражал өңірі жұртының күтетіні де – осы.


Қоғам

Ағымдағы аптада Қаражал қаласының Платон Кляцкий атындағы саябағында тағылым мол, мазмұны терең «Ашық алаң–2026: Taza Qadam» ақпараттық-түсіндіру акциясы ұйымдастырылды.

Жазира СЕЙДҒАБИҚЫЗЫ

Іс-шараны Қаражал қаласының ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімі ұйымдастырып, қала тұрғындары мен жастардың басын бір алаңға біріктірді. Ашық форматта өткен шараның басты мақсаты – қоғам мүшелеріне заң талаптарын түсіндірумен қатар, ұлттық құндылықтарды дәріптеу, жастардың қоғамдық белсенділігін арттыру, ел бірлігі мен жауапкершілік қағидаттарын насихаттау болды.

Акцияның атауындағы «Taza Qadam» – «Таза қадам» ұғымы да терең мағынаға ие. Таза ойдан, дұрыс ниеттен және саналы әрекеттен басталған әрбір қадам – қоғамның жарқын болашағына бастар жол. Заңды білу, өз құқығы мен міндетін түсіну, қоғамдық тәртіпті сақтау, ұлттық мұраны құрметтеу – осы құндылықтардың барлығы өзара сабақтасып, жауапты азаматтың тұлғасын қалыптастырады. Кеш әсерлі би қойылымымен ашылып, қатысушыларға көтеріңкі көңіл-күй сыйлады. Әрі қарай іс-шара танымдық әрі қызықты форматта жалғасын тауып, жастардың білімін, тапқырлығын және ұлттық құндылықтарға деген қызығушылығын арттыруға бағытталған түрлі сайыстар ұйымдастырылды. Солардың бірі – Kahoot интеллектуалдық ойыны. Заманауи цифрлық платформаның мүмкіндігін пайдалана отырып, қатысушылар заңнама, ұлттық дәстүрлер және қазақ зиялыларының өмір жолына қатысты сұрақтарға жауап берді. Интеллектуалдық ойын жастардың білімін шыңдап қана қоймай, заңды білу мен тарихи-мәдени мұраны танудың маңызын көрсетті. Ал «Таным бейгесі» барысында қатысушылар ұлттық тарих пен мәдени мұраға қатысты білімдерін ортаға салып, өзара білім сайысына түсті. Қазақ халқының тарихын, салт-дәстүрін, мәдениетін білу – өткенді құрметтеу ғана емес, болашаққа сенімді қадам жасаудың негізі екені тағы бір мәрте аңғарылды.



Шараның мазмұнын «Мақалды жалғастыр» сайысы да толықтыра түсті. Халық даналығының інжу-маржаны саналатын мақал-мәтелдер арқылы қатысушылар өздерінің тапқырлығы мен шапшаңдығын танытты. Қазақтың әрбір мақалының астарында ұрпаққа бағыт-бағдар беретін өмірлік мән, тәрбиелік тағылым жатқаны анық.

Акция барысында ұлттық өнерге де ерекше орын берілді. Сахнадан төгілген қазақтың күмбірлеген күйі көштің рухани мазмұнын байытып, көпшілікке ерекше әсер сыйлады.

Ұлттық мәдениеттің ажырамас бөлігіне айналған дәстүрлі ойындардың бірі – асық ату да шараның көркін қыздырды. Қатысушылар асық атып, ептілік пен мергендіктерін сынады. Бір қарағанда қарапайым ойын болып көрінгенімен, асық ату – халқымыздың дәстүрлі мәдениетінен тамыр тарта-

тын, баланы шапшаңдыққа, дәлдікке, ептілікке және ұйымшылдыққа тәрбиелейтін ұлттық ойындардың бірі.

Осындай ұлттық ойындар мен өнер түрлерін қазіргі заманғы ақпараттық және интерактивті форматтармен үйлестіру – жас ұрпақтың ұлттық мұраға деген қызығушылығын арттырудың тиімді жолдарының бірі.

«Ашық алаң–2026: Taza Qadam» акциясының маңызды бағыттарының бірі – азаматтардың құқықтық сауаттылығын арттыру және заңға құрметпен қарау мәдениетін қалыптастыру.

Қоғамның тұрақтылығы мен қауіпсіздігі әр азаматтың өз құқықтары мен міндеттерін білуінен басталады. Заңды құрметтеу – тек құқықтық талаптарды орындау ғана емес, айналадағы адамдардың құқықтары мен мүдделеріне сыйластықпен қарау, қоғамдық

тәртіпті сақтау және ортақ жауапкершілікті сезіну.

Осы тұрғыдан алғанда, ақпараттық-түсіндіру жұмыстарының жастармен ашық әрі еркін форматта өткізілуінің маңызы зор. Өйткені, жас ұрпаққа қажетті ақпаратты тек ресми кездесулер арқылы емес, ойын, пікір алмасу, зияткерлік сайыс және мәдени іс-шаралар арқылы жеткізу олардың белсенді қатысуына мүмкіндік береді.

Іс-шара барысында ұлттық дәстүрлер мен рухани құндылықтар дәріптеліп қана қоймай, жастар арасында қоғамдық жауапкершілік, заңға құрмет, өзара сыйластық және ел бірлігін сақтау идеялары кеңінен насихатталды.

Бүгінгі қоғамның болашағы – білімді, саналы, отаншыл және жауапкершілігі жоғары азаматтарға байланысты. Ал мұндай қасиеттер отбасындағы тәрбиеден, мектептен, қоғамдық ортадан және ұлттық құндылықтарды бойға сіңіруден қалыптасады.

Сондықтан, ұлттық мұраны дәріптейтін, құқықтық сауаттылықты арттыратын және жастардың белсенділігін қолдайтын осындай қоғамдық іс-шаралардың тәрбиелік мәні ерекше.

Қаражал қаласының тұрғындары бас қосқан бұл ашық алаңда үлкендер өз тәжірибесімен бөліссе, жастар білімін сынап, өнерін көрсетіп, ұлттық ойындарға белсене қатысты. Осылайша, әр буын өкілі ортақ құндылықтар төңірегінде тоғысып, қоғамдағы өзара түсіністік пен сабақтастықтың маңызын айқындай түсті.

Кеш соңында түрлі сайыстарда белсенділік танытып, ерекше көзге түскен қатысушыларға естелік сыйлықтар табысталды. Бұл – қатысушылардың белсенділігін ынталандырып қана қоймай, олардың қоғамдық өмірге араласуға деген қызығушылығын арттыра түскен жағымды сәттердің бірі болды.

«Ашық алаң–2026: Taza Qadam» акциясы қала тұрғындарына көтеріңкі көңіл-күй сыйлап, пайдалы ақпарат пен тағылымды тәрбиені, ұлттық өнер мен заманауи ойын форматын бір арнаға тоғыстырды.

(Начало на 1 стр).

Зреть вглубь и вишь

Шахта «Западный Каражал» Представительства «Оркен-Атасу» ТОО «Оркен» на протяжении многих лет остается одним из ключевых объектов железорудного производства. Однако действующие запасы постепенно вырабатывались, а развитие более глубоких горизонтов долгое время практически не велось. Еще в советское время в западной части месторождения были пройдены стволы глубиной более 700 метров, однако впоследствии их законсервировали. В последующие годы к масштабному развитию этого направления так и не вернулись.

Ветераны отрасли неоднократно поднимали вопрос о необходимости расконсервации стволов и освоения новых запасов. По их словам, без этого у предприятия постепенно сокращалась бы производственная перспектива. С приходом Qarmet этот вопрос начали рассматривать уже как один из ключевых для будущего всего месторождения. От дальнейшего развития шахты зависит не только производство, но и стабильность Каражала, занятость жителей и экономика близлежащей территории.

Ориентир – запад

Владимир Полищук посвятил железорудному делу около 40 лет, 25 из них непосредственно проработал на шахте. Сегодня он обучает студентов горной специальности в Каражалском горно-техническом колледже, передавая свой опыт будущим специалистам.

- Мы много лет говорили о необходимости развивать западную часть месторождения. Там есть стволы, пройденные еще в советское время, но законсервированные в 1994 году. Раньше к этому вопросу не возвращались. И только сейчас, с приходом Qarmet, началась реальная работа по их восстановлению и подготовке к дальнейшей эксплуатации, - рассказывает Владимир Полищук.

Сегодня шахта продолжает работать на действующем горизонте +44 метра, запасы которого постепенно подходят к завершению. Поэтому основная задача на перспективу - переход на более глубокие горизонты и развитие западной части месторождения. Подтвержденные запасы - около 500 миллионов тонн железной руды и порядка 300 миллионов тонн марганцевой - позволяют строить планы на десятилетия вперед. В перспективе развитие

Qarmet возвращает перспективу «Западному Каражалу»



новых горизонтов должно позволить увеличить производительность до 6 млн тонн железной руды в год, а также нарастить добычу марганца.

Маратбек Бакенов посвятил предприятию более 40 лет, пройдя путь от подземного горного мастера до руководящих должностей. Сегодня он - советник генерального директора железорудного департамента.

- Главное изменение последних лет - у предприятия снова появилась перспектива. Сейчас идет подготовка нижележащих горизонтов и развитие западной части месторождения. Это уже не работа только на текущих запасах, а подготовка производства на будущее. Если бы мы не начали эту работу, текущие запасы уже в этом году подошли бы к концу, и громадный объект находился бы под угрозой закрытия, - отметил он.

Курс на обновление

Для полноценного старта новых участков потребуются целый комплекс работ: восстановление и оснащение стволов, монтаж подъемного оборудования, подготовка новых подземных выработок, обновление транспорта, энергоснабжения и перерабатывающей инфраструктуры. Параллельно идет обновление техники. Если раньше значительная часть работ выполнялась с использованием ручного

оборудования, сегодня предприятие постепенно поступают современные самоходные агрегаты: буровые установки, подземные самосвалы, электровозы, вагонетки и вагонопрокидыватели.

Как подчеркивает советник генерального директора ТОО «Оркен», современная техника позволяет выполнять работу быстрее, облегчает труд людей и напрямую влияет на производительность и безопасность труда.

Обновление идет и на этапе



Qarmet открыл в Каражале новый парк - современное общественное пространство для жителей и семей работников предприятия. Ранее территория была фактически заброшена, а сейчас это одно из самых популярных мест в городе. Компания также передала Каражалу специальную и пассажирскую технику, приобрела трансформатор для снижения нагрузки на городские электросети.

Продолжается ремонт детского сада, рассматривается развитие дошкольной инфраструктуры. По меморандуму Qarmet ежемесячно доплачивает востребованным медицинским специалистам по 200 тысяч тенге, чтобы они оставались работать в Каражале.



переработки руды. На предприятии устанавливается оборудование для винтовой сепарации. Впервые это позволит перерабатывать шламы, которые десятилетиями накапливались на территории предприятия, извлекать из них полезный компонент и получать дополнительную товарную продукцию.

Изменения касаются и условий труда. Для подземных работников введен двухсменный график вместо прежнего, трехсменного, организовано бесплатное питание.

Во главе угла – социальная ответственность

Для Каражала особенно важно, что развитие предприятия сопровождается инвестициями и в городскую среду. Ко Дню шахтера

Вместо послесловия

Для ветеранов «Западного Каражала» происходящее сегодня имеет особое значение. Многие годы они говорили о необходимости двигаться дальше и развивать новые горизонты.

Теперь этот вопрос перешел из обсуждений в практическую работу. Открытие ранее законсервированных стволов, освоение новых запасов, закуп современной техники и развитие переработки должны дать «Западному Каражалу» новый производственный цикл и долгосрочную перспективу для всего города.

Подготовила
Асель КУРБАЛОСОВА.

Источник – t.me/qarmet_news



Еңбек адамы

Өндірістегі әрбір тонна кеннің артында дәлдікке, ұқыптылыққа және кәсіби жауапкершілікке негізделген үлкен еңбек жатыр. Кеннің сапасын анықтау, оның құрамын бақылау және технологиялық үдерістердің дұрыс жүруін қамтамасыз ету кен бақылаушы мамандығының басты міндеттерінің бірі. Кәсіпорын жұмысының нәтижелілігі мен өндірістік көрсеткіштердің нақтылығы осы сала мамандарының еңбегімен тығыз байланысты. Осындай жауапты қызметті ұзақ жылдар бойы абыроймен атқарып келе жатқан жандардың бірі – «Жәйрем кен байыту комбинаты» АҚ аналитикалық және техникалық бақылау қызметінің кен бақылаушысы Әлия Әбілдина.

Бүгінде өндірістегі тәжірибелі мамандардың біріне айналған кейіпкерімздің еңбек жолы Қостанай облысының Жалғызтал ауылынан бастау алады. Көпбалалы отбасында тәрбиеленген ол бала күнінен еңбекқорлықты, төзімділікті және жауапкершілікті өмірлік ұстаным етіп қалыптастырды. Бір шаңырақтағы 11 баланың төртіншісі болып өскен оның екі ағасы, бір әпкесі, бір інісі және алты сіңлісі бар. Әкесі Бегислам Шаймерденұлы өмір бойы мал шаруашылығымен айналысса, алтын құрсақты анасы Ақбала бар ғұмырын бала тәрбиесіне арнаған. Ата-ананың бойына сіңірген еңбекқорлық пен адамгершілік қасиеттері өмірлік темірқазығына айналған. Бүгінде ата-анасы, екі ағасы мен екі сіңлісі өмірден озған.

1985 жылы Жалғызтал ауылындағы Тоқтар Әубәкіров атындағы мектептің табалдырығын аттап, оны 1995 жылы тәмамдайды. Мектеп бітірген соң Жәйрем кентіндегі туыстарының қолына келіп, еңбек жолын бастайды. Алғашқы жұмыс орны сол кездегі «Жәйрем кен байыту комбинаты» АҚ қарамағындағы «Буратино» балабақшасы болды. Мұнда тәрбиешінің көмекшісі болып еңбек етіп, алғашқы еңбек тәжірибесін жинақтады. Жұмыс істей жүріп, білім алуды да назардан тыс қалдырмай, Жезқазған аграрлық-техникалық колледжінің «Банк ісі» мамандығына сырттай оқуға түсіп, кәсіби білім алып шығады. Жастайынан ізденіске бейімдігі мен еңбекқорлығы кейінгі кәсіби

Өндірістің сенімді тірегі



қалыптасуына берік негіз қалады.

Дегенмен, тағдыр оны мүлде басқа салаға алып келді. 1997 жылы «Буратино» балабақшасы жабылғаннан кейін комбинаттың техникалық бақылау бөліміне кен сұрыптаушы болып жұмысқа қабылданады. Бұл кезең оның өндірістегі ұзақ әрі табысты еңбек жолының бастауы болды. Уақыт өте келе жауапкершілігі мен іске деген тиянақтылығының арқасында кен бақылаушы қызметіне ауыстырылып, содан бері осы мамандықтың қыр-сырын терең меңгерген тәжірибелі кәсіби маманға айналды.

Сырт көзге кен бақылаушының жұмысы қарапайым болып көрінуі мүмкін. Алайда, өндірістегі кеннің сапасын бақылау, құрамындағы пайдалы компоненттердің мөлшерін анықтау, өндірістік көрсеткіштердің дәлдігін қамтамасыз ету үлкен жауапкершілікті талап етеді. Бүгінде оның негізгі міндеттерінің бірі – «Жәйрем» кенішінен өндіріліп, конвейер арқылы келіп түсетін кеннен сынамалар алып, оларды зертханалық талдауға дайындау.

Арнайы талаптарға сәйкес іріктелген сынамалар ұсақталып, өңделіп, рәсімделгеннен кейін талдау жүргізетін зертханаға жіберіледі. Сонымен қатар, кен тиелетін вагондардың техникалық жай-күйін тексеріп, тиеу процесінің технологиялық талаптарға сай орындалуын қадағалайды.

Кен бақылаушы үшін әрбір сынаманың маңызы ерекше. Зертханалық талдаудың дәлдігі мен

өндірістік шешімдердің дұрыстығы сол сынама-лардың сапасына тәуелді. Сондықтан, бұл қызмет мұқияттылықты, зейінділікті және жоғары жауапкершілікті талап етеді. Оның күнделікті жұмысына кен ағынының тұрақтылығын бақылау, сынамаларды тіркеу, өндірістік құжаттарды толтыру, есеп жүргізу және кен құрамындағы өзгерістерді қадағалау да кіреді. Мұндай жұмыстардың барлығы өндірістің үздіксіз әрі тиімді жұмыс істеуіне тікелей ықпал етеді.

Қазіргі уақытта 11,5 сағаттық ауысыммен еңбек етеді. Мұндай қарқын төзімділікті ғана емес, әр сәтке сергек болуды қажет етеді. Өйткені, өндірісте ұсақ-түйек деген ұғым жоқ. Әрбір бақылау, әрбір өлшем мен әрбір рәсімнің артында тұтас өндірістік үдерістің тұрақтылығы тұр.

Бүгінде аналитикалық және техникалық бақылау қызметінің құрамында еңбек ететін ол ұжымдағы тәжірибелі мамандардың бірі саналады. Қызмет басшысы Миршара Ізбасарова болса, техникалық бақылау бөлімін Кебел Нұрмұратов басқарады. Кейіпкеріміз басшылары туралы әрдайым ерекше құрметпен пікір білдіреді.

– Басшыларымыз өндірістің күрделілігін жақсы түсіндіреді. Бізден үнемі мұқияттылықты, сақтықты және жауапкершілікті талап етеді. Өте білікті мамандар. Қажет кезде бағыт-бағдар беріп, қолдау көрсетуден аянбайды. Өз ісіне жауапкершілігі жоғары адамдардан көп нәрсе үйрендік, – дейді ол.

Сонымен қатар, еңбек жолының бастауында тұрған жандарды да әрдайым ризашылықпен еске алады. Алғашқы басшысы Сапарбек Ғабұл-лиұлы болса, кейін бөлімге Луиза Нематовна жетекшілік етті. Өндірістің қыр-сырын үйреткен тәлімгері Ғалия Қасымова болды. Батима Алда-оңғарова, Екатерина Шаталова, Рахила Байешова, Мажыра Сағынтаева сынды әріптестерімен бірге еңбек етіп, кәсіби тәжірибесін шыңдап, өндірістегі өз орнын қалыптастырды.

Жылдар бойы жинақталған тәжірибе мен адал еңбек әрқашан өз бағасын табады. Оның дәлелі ретінде 2025 жылы комбинатта өткен «Кәсіби шеберлік» байқауында «Үздік кен бақылаушы» аталымы бойынша I орын иеленуін атауға болады. Бұл жетістік көп жылғы еңбектің, кәсіби шеберліктің және мамандығына деген сүйіспеншіліктің нәтижесі еді.

Бүгінде ол тек тәжірибелі маман ғана емес, жастарға жол көрсететін тәлімгер де. Жұмысқа жаңадан қабылданған қызметкерлерге өндірістің

қыр-сырын үйретіп, жинаған тәжірибесімен бөліседі. Оның тәлімін көрген онға жуық жас маман бүгінде өндірісте табысты еңбек етіп, өз орындарын тапқан. Тіпті, олардың қатарында шеберлік дәрежесіне дейін көтерілгендері де бар. Бұл өндірістегі сабақтастық пен тәжірибе алмасудың жарқын көрінісі.

– Бізді де кезінде тәжірибелі мамандар тәрбиеледі. Сондықтан, өзімнің білгенімді кейінгі буынға үйрету парызым деп санаймын. Өндірісте тәжірибенің орны ерекше, – дейді кейіпкеріміз.

Қарбалас жұмысқа қарамастан, отбасы оның өміріндегі басты құндылықтардың бірі болып қала береді. 2002 жылы жәйремдік Дәурен Әбілдинмен шаңырақ көтеріп, бүгінде өнегелі отбасының ұйытқысына айналған. Жолдасы да өндіріс саласында еңбек етеді. Ол «Жәйрем» кенішінде автокөліктердің техникалық жай-күйін бақылаушы механик болып жұмыс істейді. Комбинаттағы еңбек өтілі 25 жылдан асады.

Ерлі-зайыптылар үш бала тәрбиелеп өсірді. Қызы Ләйле жоғары оқу орнында «Бухгалтерлік есеп және аудит» мамандығын меңгерген. Үлкен ұлы Әліби Қарағандыдағы политехникалық университетте «Материалдар технологиясы» мамандығы бойынша білім алуда. Ал кенже ұлы Бекәлі № 10 мектептің 7-сыныбында оқиды.

Жұмыстан тыс уақытта да бос отыруды ұнатпайды. Қолында қарт ата-енесі бар. Үлкендердің бабын тауып, жағдайын жасау да үлкен жауапкершілік деп есептейді. Бұған қоса жер үйдің шаруасы тағы бар.

– Қол босай қалса, төтті тағамдар пісіремін. Бақша егеміз, өнім жинаймыз. Жеміс-көкөністі тұздап, қайнатып, қысқа дайындаймыз. Жер үйдің тірлігі ешқашан бітпейді ғой, – дейді күлімсіреп.

Қостанайдың қарапайым ауылынан басталған еңбек жолы бүгінде өндіріске берілген адал ғұмырға ұласты. Жылдар бойы жинаған тәжірибесі, жауапкершілігі мен кәсібіне деген құрметі әріптестері арасында үлкен бедел қалыптастырды. Ұжымда сыйлы маман, жастарға бағыт-бағдар беретін тәлімгер және өз ісіне адал еңбек адамы ретінде танылған.

Кен бақылаушы мамандығы өндірістегі маңызды буындардың бірі болса, осы жауапты міндетті абыроймен атқарып жүрген жандардың қатарында Әлия Бегисламқызының орны бөлек. Сан жылдық тәжірибесі мен тынымсыз еңбегі арқылы өндірістің тұрақты жұмысына үлес қосып қана қоймай, кейінгі буынға үлгі болып келеді. Оның өмір жолы еңбекке адалдық пен кәсіби шеберлік қатар жүргенде ғана нағыз маман қалыптасатынын дәлелдейді.

Өндірістің тыныс-тіршілігі сырт көзге әрдайым байқала бермейді. Кеніштегі қарбалас тірлік, алып техникалардың тынымсыз қозғалысы, өндірістік үдерістің бір сәтке де тоқтамауының артында өз ісіне адал, маңдай терімен табыс тауып жүрген қарапайым еңбек адамдары тұрады. Солардың бірі - «Жәйрем кен байыту комбинаты» АҚ «Жәйрем» кенішінде ұзақ жылдар бойы табанды еңбек етіп келе жатқан тәжірибелі жүк тиегіш жүргізушісі Нұржан Тәжібаев.

Оның өмір жолына үңілсеңіз, адал еңбек, табандылық, жауапкершілік пен отбасылық құндылықтар қатар өрілген тағылымды тағдырды көресіз.

Болашақ кенші-машинист 1971 жылдың 5 желтоқсанында Жамбыл облысы Сарысу ауданындағы Шығанақ совхозында дүниеге келген. Балалық шағы ауыл еңбеккерлерінің ортасында өтті. Ерте жастан еңбекке араласып, техниканың тілін меңгерген жас жігіт 1988 жылы Сәкен Сейфуллин атындағы мектепті тәмамдаған соң туған ауылында жүргізуші болып жұмысқа орналасады. Осылайша оның үлкен өмірге бастар еңбек жолы басталды.

1990 жылы Шолпан Сайлауқызымен шаңырақ көтеріп, жас отбасын құрған ол еңбек пен тіршіліктің қызығы мен тауқыметін бірге еңсеруге кірісті. Ал үш жылдан кейін, 1993 жылы ата-анасы мен бауырларымен бірге қазіргі Түгіскен ауылына қоныс аударады.

Жаңа ортаға келген соң ауыл шаруашылығымен айналысып, қой өсіруге ден қояды. Совхоздан бір отар қой алып, мал бағудың қыр-сырын меңгереді. Табандылығы мен іскерлігінің арқасында көп ұзамай өңірдегі алдыңғы қатарлы қойшылардың біріне айналады.

Өнегелі өмір иесі

Ол кезең ауыл шаруашылығының қызған шағы болатын. Елдің берекесі мен тұрмыс-тіршілігі төрт түлікпен тығыз байланысты еді. Қыстың бораны мен жаздың аптабына қарамай еңбек өткен қойшылар ауылдың нағыз тірегі саналатын. Мал шаруашылығында шырдалған жылдар кейіпкерімізге төзімділік пен еңбекқорлықты, қиындыққа мойымауды үйретті.

Уақыт өте келе оның өмір жолы өндіріс саласымен тоғысты. 2003 жылы «Жәйрем кен байыту комбинаты» АҚ-ның тау-кен көліктері цехына жүк тиегіш жүргізушісі болып қабылданды. Жас маманның өндірістегі алғашқы ұстазы әрі тәлімгері тәжірибелі жұмысшы Жақсыбай Бәдіғұлов болды. Өндірістің ерекшеліктерін үйретіп, тәжірибесімен бөліскен аға буын өкілдерінің еңбегі оның кәсіби қалыптасуына зор ықпал етті.

Содан бері жиырма жылдан астам уақыт өтсе де, таңдап алған мамандығына деген адалдығы мен жауапкершілігі өзгерген жоқ. Осы жылдар ішінде Мұхит Ахатов, Бақтияр Өшімов, Жәрдембек Хұсмаар, Виталий Голубинский, Бақыт Әкімбаев, Жасулан Сембин, Қайрат Әлмұханов секілді басшылармен және әріптестерімен бірге еңбек етіп, өндірістің түрлі кезеңдеріне куә болды.

Бүгінде тәжірибелі маман «Жәйрем» кенішіндегі бес текше метрлік Caterpillar жүк тиегішін басқарады. Сырт көзге қарапайым көрінуі мүмкін бұл жұмыс үлкен жауапкершілік пен жоғары кәсіби шеберлікті талап етеді.

Он екі сағаттық ауысым барысында ол карьер ішіндегі көптеген өндірістік операцияларды орындайды. БелАЗ автосамосвалдарына тау-кен массасын тиеу, кен қоспаларын дайындау, теміржол вагондарына концентрат, мырыш пен қорғасын тиеу, конвейерден түскен жеңіл фракцияларды арнайы үйінділерге тасымалдау, классификатордан шыққан өнімді кен қоймасына жеткізу сияқты жұмыстардың барлығы оның күнделікті қызметінің ажырамас бөлігі.



Бұл жұмыстардың әрқайсысы өндірістегі үлкен технологиялық тізбектің маңызды буыны болып саналады. Сондықтан, мұнда шапшаңдықпен қатар дәлдік, мұқияттылық және қауіпсіздік талаптарын қатаң сақтау қажет.

Ұжым арасында сабырлы мінезімен, адамгершілігімен және әр іске үлкен жауапкершілікпен қарайтын қасиетімен сыйлы.

Дегенмен, еңбек адамы үшін басты байлық қызметтегі жетістік қана емес. Оның ең үлкен мақтанышы - отбасы.

Жұбайы Шолпан Сайлауқызымен бірге үш перзент тәрбиелеп өсірді. Бүгінде олардан тараған сегіз немеренің қызығын көріп отырған ардақты ата мен әже.

Үлкен ұлы Ғалымжан жұбайы Әйгеріммен бірге № 30 мектепте еңбек етеді. Екінші ұлы Елжан мал шаруашылығын дамытып келеді. Келіні Жансая

№ 10 мектепте мұғалім болып жұмыс істейді. Ал қызы Аружан мектепті үздік аяқтап, екі жоғары білім алған. Қазіргі таңда «Qazclinker» ЖШС-де техникалық бақылау бөлімінің бастығы қызметін атқарады.

Балаларының жетістігі мен немерелерінің шат күлкісі - ұзақ жылғы еңбектің, дұрыс тәрбиенің және отбасы құндылықтарын жоғары қойған өмірдің жемісі.

Еңбекқорлық пен жауапкершілік қасиет әулеттен дарыған деуге толық негіз бар. Әкесі Кәрттай ақсақал Шығанақ совхозында 23 жыл бойы мал шаруашылығы саласында басқарушы болып еңбек етсе, анасы Бейсенкүл Әбітайқызы он баланы тәрбиелеп өсірген алтын құрсақты ана ретінде шаңырақтың берекесін кіргізген.

Қызметтен бос уақытында өзі де ата кәсіптен қол үзбей, мал шаруашылығымен айналысады. Осылайша еңбекпен өткен ғұмырының екі бағытын - өндіріс пен ауыл тіршілігін қатар жалғастырып келеді.

Өндірістегі тәжірибелі маман кәсіпорындағы еңбек жағдайына да ризашылығын жасырмайды.

- Жұмыс беруші тарапынан барлық жағдай жасалған. Арнайы жұмыс киімдері мен жеке қорғаныш құралдары уақытылы беріледі. Жұмыс киімдері тазаланып, жуылып, үтіктеліп, ауысымға дайын күйінде ұсынылады. Өндірістің зиянды факторлары ескеріліп, тегін тамаққа талон мен сүт беріледі. Жалақы да уақытылы төленеді. Әлеуметтік қолдауға да иеміз, – дейді ол.

Қойшылықтан басталған еңбек жолы бүгінде кеніштегі жауапты мамандыққа ұласқан. Жиырма жылдан астам уақыт бойы өндірістің дамуына үлес қосып келе жатқан Нұржан Тәжібаевтың өмірі адал еңбек ешқашан елеусіз қалмайтынын дәлелдейді.

Осындай еңбек адамдарының арқасында өндіріс өркендеп, ел экономикасы нығайып, кейінгі ұрпаққа үлгі болатын өнегелі өмір жолдары қалыптасады. Күн сайын алып техниканың тізгінін ұстап, өндірістің үздіксіз жұмыс істеуіне үлес қосып жүрген Нұржан Тәжібаев сияқты жандар қоғамның шынайы тірегі, еңбектің қадірін арттырып жүрген нағыз еңбек адамдары болып қала береді.

Бетті әзірлеген
Ғайһар НАУРЫЗБАЕВА.

ИИ-инструменты в ОСМС



В здравоохранении искусственный интеллект постепенно становится регулярно применяемым рабочим инструментом для обработки больших объемов данных, автоматизации отдельных процессов и поддержки специалистов при принятии решений.



По информации пресс-службы НАО «Фонд социального медицинского страхования», в рамках трансформации ОСМС 2.0 проводится работа по развитию и тестированию ИИ-инструментов по нескольким направлениям. Основная задача – сделать процессы более прозрачными, сократить объем ручной работы и выявлять возможные риски на более раннем этапе.

Одно из первых направлений – применение искусственного интеллекта для мониторинга качества консультаций, предоставляемых гражданам по вопросам ОСМС.

ИИ-система анализирует звонки, помогает выявлять некорректные или неполные ответы и формирует выборку для ручной проверки. Это позволит сократить объем ручного контроля и сосредоточить внимание специалистов на консультациях, которые требуют дополнительной оценки.

В настоящее время функционал работает в тестовом режиме. В дальнейшем он станет частью ИИ-ассистента, который также планируется использовать для выполнения рутинных служебных задач и снижения административной нагрузки, – уточнили в пресс-службе.

Второе направление – применение искусственного интеллекта там, где процессы основаны на единых данных, критериях и правилах. Это позволит сократить влияние человеческого фактора и сделать основания для принимаемых решений более понятными и проверяемыми, что повысит прозрачность процессов и минимизирует коррупционные риски.

Такие подходы могут использоваться при стратегическом закупе медицинских услуг, планировании объемов меди-

цинской помощи и мониторинге деятельности поставщиков. Искусственный интеллект поможет сопоставлять большие массивы информации, выявлять отклонения и формировать аналитические рекомендации. При этом решения будут приниматься в установленном порядке с участием специалистов Фонда, – отмечает пресс-служба.

Третьим вектором развития является внедрение ИИ-инструментов в антифрод-систему для выявления возможных нарушений при оплате медицинской помощи.

Ежегодно Фонд обрабатывает сведения о десятках миллионов оказанных медицинских услуг. Для более оперативного и точного мониторинга действующие формально-логические контроли дополняются инструментами анализа данных и технологиями искусственного интеллекта.

В частности, разрабатываются модели оценки риска отклонений в предъявляемых услугах с применением машинного обучения. Они помогут находить нетипичные показатели и возможные нарушения до оплаты медицинской помощи.

Задача состоит в том, чтобы постепенно переходить от выявления нарушений постфактум к их предупреждению до перечисления средств. При этом речь не идет о полной автоматизации. ИИ проводит первичный анализ данных, однако окончательную оценку дают специалисты Фонда, – подчеркнули в пресс-службе.

Еще одно направление – развитие Системы управления рисками. Ее задача – перейти к риск-ориентированной модели, при которой потенциальный риск поставщика медицинской помощи определяется заранее, а порядок мониторинга и происхождения оплаты зависит от его

риск-профиля.

Ситуационно-аналитический центр Фонда совместно с Nazarbayev University разрабатывает критерии и индикаторы риск-ориентированной модели, а также границы риск-коридоров.

В рамках модели предусмотрены три риск-коридора – Senim, Baqylau и Qauip. Они станут основой риск-ориентированного мониторинга. На следующем этапе их возможности планируется усилить за счет технологий искусственного интеллекта и машинного обучения.

Разрабатываемая модель будет автоматически относить поставщика к одному из трех уровней риска: низкому, среднему или высокому.

Результаты автоматического анализа не будут являться окончательным решением. Если поставщик не согласен с результатами оценки, он сможет представить пояснения, возражения и подтверждающие документы. Они будут рассмотрены, а при наличии оснований результаты оценки могут быть пересмотрены.

Для всех ИИ-инструментов будут действовать единые требования к безопасности, качеству и сопровождению. Искусственный интеллект рассматривается прежде всего как вспомогательный инструмент для обработки и анализа данных, а не как замена профессионального решения человека.

Внедрение ИИ-инструментов реализуется в рамках Общенациональной стратегии масштабной цифровизации и внедрения технологий искусственного интеллекта «Digital Qazaqstan» до 2029 года, – объяснили в Фонде.

соб. инф.



Крупное обновление сервиса «Закон и порядок» в eGov Mobile

В мобильном приложении eGov Mobile проведено масштабное обновление сервиса «Закон и порядок». Теперь он представляет собой единую цифровую витрину, объединяющую госуслуги, цифровые сервисы и материалы в сфере правоохранительной деятельности.

Как сообщает АО «Национальные информационные технологии», в обновленных разделах пользователям доступны государственные услуги, сервисы по вопросам защиты персональных данных и профилактики правонарушений, а также информационные материалы и сервисы от Генеральной прокуратуры РК.

Принцип «Закон и Порядок» был определен Главой государства в качестве стратегического курса. В целях его развития постановлением Правительства утверждена Концепция по продвижению в обществе идеологии закона и порядка на 2025–2030 годы.

Обновления реализованы благодаря совместной работе Министерства внутренних дел РК, Комитета государственных услуг Министерства искусственного интеллекта и цифрового развития РК, АО «Национальные информационные технологии» и Генеральной Прокуратуры РК, – отмечает пресс-служба АО «НИТ».

В первом разделе предусмотрены цифровые сервисы: «102» по подаче обращений в полицию, где можно сообщить о происшествии, бытовом насилии, ДТП, о нарушениях ПДД и др.;

«Nomad Guard» для проверки фактов утечки персональных данных;

«Naqty Onim» для проверки маркировки товаров;

отказ от займов и микрокредитов и другие цифровые решения.

Все указанные сервисы перенесены из раздела «Сервисы» в eGov mobile и доступны

в обновленной витрине «Закон и порядок».

Команда АО «НИТ» на постоянной основе работает над совершенствованием цифровых сервисов и государственных услуг, делая их более удобными, доступными и ориентированными на потребности граждан. Обновление сервиса «Закон и порядок», реализованное совместно с Генеральной прокуратурой и Министерством внутренних дел РК, стало очередным этапом этой работы. С момента запуска с июня 2025 года сервисом воспользовались порядка 1,4 миллиона раз, что подтверждает его востребованность и значимость, – отметил Председатель Правления АО «Национальные информационные технологии» Даулет Бекманов.

Далее представлены наиболее востребованные государственные услуги в сфере правоохранительной деятельности, включая получение справки о наличии либо отсутствии судимости, проверка запрета на выезд за рубеж, выдача сведений о совершении лицом коррупционного преступления, поиск и оплату административных штрафов и т.д.

Отдельный раздел включает информационные материалы и цифровые сервисы Генеральной прокуратуры Республики Казахстан. Здесь представлены материалы по правовой статистике, сервис поиска без вести пропавших лиц, инструмент для проверки регистрации заявления о правонарушении и другие информационные инструменты.

соб. инф.

Хабарландыру

«Өркен-Атасу» өкілдігі «Өркен» ЖШС Қазақстан Республикасы Экологиялық кодексінің 96-бабының талаптарына сәйкес, 2026 жылғы 23 қазанда сағат 15:00-де Ұлытау облысы, Қаражал қаласы, «Өркен» ЖШС 24-квартал, 4-үй («Өркен-Атасу» өкілдігінің конференц-залы) «Өркен-Атасу» өкілдігі «Өркен» ЖШС үшін әсер етуге экологиялық рұқсат алу үшін қоршаған ортаны қорғау жөніндегі жобалық құжаттама бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізілетінін хабарлайды.

Жобалық құжаттама топтамасымен ҚОЖТР ҰДБ цифрлық жүйесінде (Қоршаған ортаның жай-күйі және табиғи ресурстар жөніндегі ұлттық деректер банкі), сондай-ақ, Ұлытау облысы «Табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы» ММ Жезқазған қаласы, Алаш алаңы, 1 мекенжайы бойынша сұрау салу, электрондық пошта ulytau.obl_priroda@mail.ru, сайт <https://www.gov.kz/memleket/entities/ulytau-upr>.

Барлық ескертулер және (немесе) ұсыныстар қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмей ndbecology.gov.kz цифрлық жүйесі арқылы, сондай-ақ, осы мекенжайы бойынша: Жезқазған қаласы, Алаш алаңы, №1 үй, телефон: 8-701-635-55-10, ulytau.obl_priroda@mail.ru.

Төтенше жағдай енгізілген және (немесе) шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар енгізілген жағдайда, қоғамдық тыңдаулар онлайн режимде өткізіледі. Қоғамдық тыңдауларға қосылу сілтемесі: ZOOM конференциясына онлайн қосылу сілтемесі:

<https://us06web.zoom.us/j/3119030660?pwd=HrgOhJCLJ5EwBBJrJaWEVaKBs5aFVb.1&omn=86403172425>.

Жиналыс идентификаторы: 311 903 0660.

Құпия код: QUvKh6.

Қосымша ақпаратты info@ecoprof.kz электрондық поштасы немесе 8 (7212) 41-61-91 телефоны арқылы алуға болады.

Жоспарланып отырған қызметтің операторы: «Өркен» ЖШС, БСН: 050140001773, Қарағанды облысы, Теміртау қаласы, Республика даңғылы 1; «Өркен-Атасу» өкілдігі «Өркен» ЖШС, БСН 040342030199, 100700, Ұлытау облысы, Қаражал қаласы, 24 орам, 4 үй. БСН 040342030199, электрондық пошта: alexandr.tsurupin@qarmet.kz.

Жобаны әзірлеуші: «ЕсоProf KZ» ЖШС, БСН: 131240019006. Заңды мекенжайы: M01F2B4, Қазақстан Республикасы, Қарағанды қаласы, Аманжолов көшесі, 17/3-үй, н.п.1. телефон: 8 (7212) 41-61-91, e-mail: info@ecoprof.kz.

Әсер ету аумағы: Ұлытау облысы, Қаражал қаласы.

Учаскенің географиялық координаттары және әсер ету аумағының географиялық координаттары: 1) 48°1'33.74" сш, 70°49'5.54" вд; 2) 48°1'25.47" сш, 70°49'19.68" вд; 3) 48°1'12.60" сш, 70°49'13.26" вд; 4) 48°1'1.19" сш, 70°49'14.96" вд; 5) 48°1'8.73" сш, 70°48'44.37" вд; 6) 48°1'1.34" сш, 70°48'9.23" вд; 7) 48°1'23.09" сш, 70°46'55.46" вд; 8) 48°1'40.08" сш, 70°42'51.00" вд; 9) 48°2'51.48" сш, 70°42'23.46" вд; 10) 48°3'49.86" сш, 70°46'32.33" вд.

Объявление

Представительство «Оркен-Атасу» ТОО «Оркен» в соответствии с требованиями статьи 96 Экологического кодекса РК сообщает о проведении общественных слушаний по «Проектная документация по охране окружающей среды для получения экологического разрешения на воздействие для Представительства «Оркен-Атасу» ТОО «Оркен». Слушания состоятся в 15:00 23 октября 2026 года по адресу: область Ұлытау, г. Каражал, 24 квартал, дом 4 (конференц-зал Представительства «Оркен-Атасу» ТОО «Оркен»).

С пакетом проектной документации можно ознакомиться на цифровой системе НБД СОС и ПР (Национальный банк данных о состоянии окружающей среды и природных ресурсов), также запросить в ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования» области Ұлытау, по адресу: г. Жезказган, площадь Алаша, дом № 1, эл. почта: ulytau.obl_priroda@mail.ru, сайт <https://www.gov.kz/memleket/entities/ulytau-upr>.

Все замечания и/или предложения принимаются в срок не позднее 3 рабочих дней до даты проведения общественных слушаний на сайте цифровой системы ndbecology.gov.kz и по адресу: г. Жезказган, площадь Алаша, дом № 1, тел.: 8-701-635-55-10, эл. почта: ulytau.obl_priroda@mail.ru.

В случае введения чрезвычайного положения и (или) ограничительных мероприятий, в том числе карантина, чрезвычайных ситуаций социального, природного и техногенного характера, общественные слушания проводятся в онлайн-режиме. Активная ссылка на онлайн-подключение

к конференции ZOOM проводимых общественных слушаний:

<https://us06web.zoom.us/j/3119030660?pwd=HrgOhJCLJ5EwBBJrJaWEVaKBs5aFVb.1&omn=86403172425>.

Идентификатор конференции: 311 903 0660.

Код доступа: QUvKh6.

Дополнительную информацию можно получить по адресу info@ecoprof.kz и по тел.: 8 (7212) 41-61-91.

Оператор намечаемой деятельности: ТОО «Оркен», БИН: 050140001773, Карагандинская область, г. Темиртау, проспект Республики 1; Представительство «Оркен-Атасу» ТОО «Оркен», БИН 040342030199, 100700, область Ұлытау, г. Каражал, 24 квартал, дом 4. БИН 040342030199, эл. почта: alexandr.tsurupin@qarmet.kz.

Разработчик проекта: ТОО «ЕсоProf KZ», БИН: 131240019006. Юридический адрес: M01F2B4, РК, г. Караганда, ул. Аманжолова, д. 17/3, н.п. 1, тел.: 8(7212) 41-61-91, эл. почта: info@ecoprof.kz.

Территория воздействия: область Ұлытау, г. Каражал.

Географические координаты участка и координаты территории воздействия: 1) 48° 1'33.74" сш, 70°49'5.54" вд; 2) 48°1'25.47" сш, 70°49'19.68" вд; 3) 48°1'12.60" сш, 70°49'13.26" вд; 4) 48°1'1.19" сш, 70°49'14.96" вд; 5) 48°1'8.73" сш, 70°48'44.37" вд; 6) 48°1'1.34" сш, 70°48'9.23" вд; 7) 48°1'23.09" сш, 70°46'55.46" вд; 8) 48°1'40.08" сш, 70°42'51.00" вд; 9) 48°2'51.48" сш, 70°42'23.46" вд; 10) 48°3'49.86" сш, 70°46'32.33" вд.

Хабарландыру

«ORDA GROUP» ЖШС Ұлытау облысындағы «Студенческое» кен орнының алтын құрамды кендерін ашық тәсілмен өндіру жөніндегі тау-кен жұмыстарының жоспарына Кешенді экологиялық рұқсат алуға арналған рұқсат құжаттамасы» бойынша ашық жиналыс нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізілетінін хабарлайды.

Өткізілетін орны: Ұлытау облысы, Жаңаарқа ауданы, Ақтау ауылдық округі, Ақтау ауылы, Жібек Жолы көшесі, 1 ғимарат, әкімдік ғимараты.

Өткізілетін күні мен уақыты: 2026 жылғы 28 қазан, сағат 11.00-де.

Қоғамдық тыңдауларға шығарылатын материалдармен «Қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйі туралы ұлттық мәліметтер банкі» ақпараттық жүйесінің ndbecology.gov.kz сайтындағы «Қоғамдық тыңдаулар» бөлімінде, сондай-ақ, жергілікті атқарушы орган — «Ұлытау облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ gov.kz/memleket/entities/ulytau-upr сайтында танысуға болады, электрондық пошта: s.agabek@zhambyl.gov.kz.

Zoom конференциясына қосылу сілтемесі: <https://us04web.zoom.us/j/3470828229?pwd=oq4hqbdJMDjdTK44WxtuGMUWwJGRa3.1&omn=76826664119>.

Конференция идентификаторы: 347 082 8229.

Қолжетімділік коды: 123456.

Бастамашы: «ORDA GROUP» ЖШС, мекенжайы: 100700, Қазақстан Республикасы, Ұлытау облысы, Қаражал қ., Теміржол көшесі, 19А ғимараты.

Жобаны әзірлеуші (орындаушы): «Дробот М.В.» ЖК, мекенжайы: 010000, Астана қ., Пушкин көшесі, 15-үй, 17-пәтер, тел.: 8-778-741-91-51.

Барлық мүдделі тұлғалар өз ескертулері мен ұсыныстарын s.agabek@zhambyl.gov.kz электрондық поштасына жібере алады. Барлық сұрақтар бойынша мына телефон арқылы хабарласуға болады: 8-778-741-91-51.

Географиялық координаттары: 47°35'00" с.е. 71°03'00" ш.б.

Объявление

ТОО «ORDA GROUP» объявляет о проведении общественных слушаний в форме открытого собрания по «Разрешительная документация для получения Комплексного экологического разрешения к Плану горных работ по добыче золотосодержащих руд месторождения «Студенческое» открытым способом в области Ұлытау».

Место проведения: область Ұлытау, Жанаарқинский район, Актауский с.о., с. Актау, улица Жібек Жолы, строение 1, здание акимата.

Дата и время проведения: 28 октября 2026 года в 11:00.

С материалами, выносимыми на общественные слушания, можно ознакомиться на Информационной системе «Национальный банк данных о состоянии окружающей среды и природных ресурсов» ndbecology.gov.kz в разделе «Общественные слушания», а также на сайте местного исполнительного органа ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования области Ұлытау» gov.kz/memleket/entities/ulytau-upr, e-mail: s.agabek@zhambyl.gov.kz. Присоединиться к конференции Zoom: <https://us04web.zoom.us/j/3470828229?pwd=oq4hqbdJMDjdTK44WxtuGMUWwJGRa3.1&omn=79193081809>.

Идентификатор конференции: 347 082 8229.

Код доступа: 123456.

Инициатор: ТОО «ORDA GROUP», адрес: 100700, Республика Казахстан, область Ұлытау, г. Каражал, улица Теміржол, строение 19А.

Исполнитель проекта: ИП «Дробот М.В.». Адрес: 010000, г. Астана, ул. Пушкина, дом 15, квартира 17, тел.: 8-778-741-91-51.

Все заинтересованные лица могут внести свои замечания и предложения, отправив их на электронную почту: s.agabek@zhambyl.gov.kz.

По всем вопросам обращаться по телефону: 8-778-741-91-51.

Географические координаты: 47°35'00" с.ш. 71°03'00" в.д.

Хабарландыру

«ORDA GROUP» ЖШС Ұлытау облысындағы «Студенческое» кен орнының алтын құрамды кендерін ашық тәсілмен өндіру жөніндегі тау-кен жұмыстарының жоспарына ықтимал әсерлер туралы есеп» бойынша ашық жиналыс нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізілетінін хабарлайды.

Өткізілетін орны: Ұлытау облысы, Жаңаарқа ауданы, Ақтау ауылдық округі, Ақтау ауылы, Жібек Жолы көшесі, 1 ғимарат, әкімдік ғимараты.

Өткізілетін күні мен уақыты: 2026 жылғы 28 қазан, сағат 09.30-да.

Қоғамдық тыңдауларға шығарылатын материалдармен «Қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйі туралы ұлттық мәліметтер банкі» ақпараттық жүйесінің ndbecology.gov.kz сайтындағы «Қоғамдық тыңдаулар» бөлімінде, сондай-ақ, жергілікті атқарушы орган — «Ұлытау облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ gov.kz/memleket/entities/ulytau-upr сайтында танысуға болады, электрондық пошта: s.agabek@zhambyl.gov.kz.

Zoom конференциясына қосылу сілтемесі: <https://us04web.zoom.us/j/3470828229?pwd=oq4hqbdJMDjdTK44WxtuGMUWwJGRa3.1&omn=76826664119>.

Конференция идентификаторы: 347 082 8229.

Қолжетімділік коды: 123456.

Бастамашы: «ORDA GROUP» ЖШС, мекенжайы: 100700, Қазақстан Республикасы, Ұлытау облысы, Қаражал қ., Теміржол көшесі, 19А ғимараты.

Жобаны әзірлеуші (орындаушы): «Дробот М.В.» ЖК, мекенжайы: 010000, Астана қ., Пушкин көшесі, 15-үй, 17-пәтер, тел.: 8-778-741-91-51.

Барлық мүдделі тұлғалар өз ескертулері мен ұсыныстарын s.agabek@zhambyl.gov.kz электрондық поштасына жібере алады. Барлық сұрақтар бойынша мына телефон арқылы хабарласуға болады: 8-778-741-91-51.

Географиялық координаттары: 47°35'00" с.е. 71°03'00" ш.б.

Объявление

ТОО «ORDA GROUP» объявляет о проведении общественных слушаний в форме открытого собрания по проекту «Отчет о возможных воздействиях к Плану горных работ по добыче золотосодержащих руд месторождения «Студенческое» открытым способом в области Ұлытау».

Место проведения: область Ұлытау, Жанаарқинский район, Актауский с.о., с. Актау, улица Жібек Жолы, строение 1, здание акимата.

Дата и время проведения: 28 октября 2026 года в 09:30.

С материалами, выносимыми на общественные слушания, можно ознакомиться на Информационной системе «Национальный банк данных о состоянии окружающей среды и природных ресурсов» ndbecology.gov.kz в разделе «Общественные слушания», а также на сайте местного исполнительного органа ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования области Ұлытау» gov.kz/memleket/entities/ulytau-upr, e-mail: s.agabek@zhambyl.gov.kz. Присоединиться к конференции Zoom: <https://us04web.zoom.us/j/3470828229?pwd=oq4hqbdJMDjdTK44WxtuGMUWwJGRa3.1&omn=76826664119>.

Идентификатор конференции: 347 082 8229.

Код доступа: 123456

Инициатор: ТОО «ORDA GROUP», адрес: 100700, Республика Казахстан, область Ұлытау, г. Каражал, улица Теміржол, строение 19А.

Исполнитель проекта: ИП «Дробот М.В.». Адрес: 010000, г. Астана, ул. Пушкина, дом 15, квартира 17, тел.: 8-778-741-91-51.

Все заинтересованные лица могут внести свои замечания и предложения, отправив их на электронную почту: s.agabek@zhambyl.gov.kz. По всем вопросам обращаться по телефону: 8-778-741-91-51.

Географические координаты: 47°35'00" с.ш. 71°03'00" в.д.

Ортақ құндылықтар мен мәдениет

Отбасы – тәрбие мектебі

Отбасы мүшелерінің бір-біріне деген сүйіспеншілігі мен өзара қолдауы кез келген шаңырақтың берекесін арттырады. Ал ата-ана мен бала бірге өнер көрсетіп, ортақ іске жұмылған сәтте отбасылық байланыстың мәні одан әрі тереңдей түседі. Осындай жарасымды құндылықтарды дәріптеген тағылымды шара Қаражал қаласында өтті.

Ізтай БЕЛГІБАЙҰЛЫ

Отбасы күніне орай Қаражал қалалық мәдени-сауық орталығының ұйымдастыруымен «Өнерлі отбасы» байқауы өткізілді. Мерекелік басқосу қалада жаңадан бой көтерген саябақта ұйымдастырылып, қатысушы отбасыларға өз өнері мен шеберлігін көрсетуге мүмкіндік берді.

Байқау барысында отбасылар сахна төрінде өнер көрсетумен шектелмей, түрлі сындардан сүрінбей өтуге тырысты. Жеті кезеңнен құралған сайыста қатысушылардың тапқырлығы, шапшаңдығы, шығармашылығы және ұйымшылдығы сыналды.

Әр тапсырма отбасы мүшелерінің бір-бірін қаншалықты жақсы түсінетінін аңғартты. Бірі сөзбен демеу білдірсе, енді бірі өз ісімен қолдау көрсетті. Осылайша байқау барысында отбасылық татулық пен ауызбіршіліктің жарқын көріністері байқалды.

Сахнадағы әр отбасының өнері көрерменнің көңілінен шығып, мерекелік көшке ерекше реңк берді. Әсіресе, ата-аналарымен бірге сайысқа қатысқан балалардың



белсенділігі көпшілікке көтеріңкі көңіл-күй сыйлады. Олар үшін бұл байқау тек жарыс емес, жақындарымен бірге уақыт өткізіп, өз қабілетін танытатын жақсы мүмкіндік болды.

Сайыс соңында белсенділік танытып, өз өнерін өзгеше қырынан көрсете білген отбасылар арнайы номинациялармен марапатталды. Макаевтар отбасы «Өнерлі отбасы», Жұмашевтар отбасы «Тапқыр отбасы», ал Төлепбаевтар отбасы «Шымыр отбасы» аталымдарына ие болды.

Байқаудың басты жетістігі – жеңімпаздарды анықтаумен ғана шектелмегенінде. Шараға қатысқан әр шаңырақ үшін бұл күн отбасымен бірге өткізілген ерекше сәттерге толы болды. Бірге дайындалу, бір-біріне қолдау көрсету, ортақ жеңіске ұмтылу – отбасы мүшелерінің арасындағы байланысты

нығайтатын құндылықтар.

Осындай мәдени шаралар отбасылық құндылықтарды дәріптеп қана қоймай, ұлттық өнер мен шығармашылыққа деген қызығушылықты арттыруға да ықпал етеді. Әсіресе, жас ұрпақтың ата-анасынан өнеге алып, өнерге, мәдениетке жақын болып өсуі – қоғам үшін маңызды.

Мерекелік шара соңында қатысушыларға алғыс айтылып, әр шаңыраққа ынтымақ пен береке, ата-анаға амандық, балаларға бақыт пен жарқын болашақ тілектері білдірілді.

Отбасы – адамның алғашқы тәрбие мектебі. Ал сол шаңырақтағы татулық пен сыйластық – ұрпақтан ұрпаққа жалғасатын ең қымбат мұра. «Өнерлі отбасы» байқауы осы қарапайым, бірақ, маңызы зор ақиқатты көпшілікке тағы бір мәрте көрсетті.

Туған тілім – тұғырым

Тіл – ұлттың рухани қазынасы, халықтың тарихы мен мәдениетін, салт-дәстүрі мен дүниетанымын ұрпақтан ұрпаққа жеткізетін баға жетпес құндылық. Ана тілі – әр халықтың ұлттық болмысын айқындайтын басты белгілердің бірі. Сондықтан, мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеру – елдің бірлігі мен болашағы үшін аса маңызды міндет.

Мемлекеттік тіл –
ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚ

Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі – қазақ тілі. Қазақ тілі – халқымыздың ғасырлар бойы қалыптасқан рухани мұрасы. Оның бойында халқымыздың тарихы, ұлттық салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы, әдебиеті мен мәдениеті сақталған. Тілді құрметтеу – өз ұлтынды, туған жерінді және ел тарихын құрметтеумен тең.

Мемлекеттік тілдің қоғамдағы қолданыс аясын кеңейту тек мемлекеттік органдардың немесе тіл мамандарының міндеті емес. Бұл – әрбір азаматқа ортақ жауапкершілік. Қазақ тілін күнделікті өмірде, қызмет барысында, қоғамдық ортада кеңінен қолдану арқылы оның дамуына өз үлесімізді қоса аламыз.

Тіл – ұлттық бірліктің де маңызды негізі. Қазақстан – түрлі этнос өкілдері татулықта өмір сүріп жатқан көпұлтты мемлекет. Мемлекеттік тілді білу және құрметтеу еліміздегі қоғамдық келісім мен өзара түсіністікті нығайта түседі. Қазақ тілін меңгеру – белгілі бір ұлтқа ғана тиесілі міндет емес, Қазақстанның әрбір азаматы үшін елге деген құрметтің бір көрінісі.

Ұлттық құндылықтарды сақтау отбасынан басталады. Балаға ана тілін үйрету, қазақша сөйлеуге ынталандыру, ұлттық дәстүрлерді дәріптеу – болашақ ұрпақтың рухани негізін қалыптастырады. Жас ұрпақ мемлекеттік тілді еркін меңгеріп, оны заман талабына сай қолданса, қазақ тілінің болашағы да жарқын болмақ.

Қазіргі таңда қазақ тілінің дамуына жаңа мүмкіндіктер жасалуда. Білім беру, ақпараттық технология, ғылым, мәдениет және мемлекеттік қызмет салаларында қазақ тіліндегі мазмұнның көбеюі оның қолданыс аясын кеңейтіп келеді. Әсіресе, жастардың қазақ тілін заманауи технологиялар мен әлеуметтік желілерде белсенді қолдануы тілдің өміршеңдігін арттырады.

Мемлекеттік тіл – тек қарым-қатынас құралы емес, ол – ұлттық рухтың тірегі. Тілімізді сақтау арқылы біз ата-бабамыздан қалған асыл мұраны сақтаймыз. Ал оны дамыту арқылы келешек ұрпаққа берік рухани негіз қалдырамыз.

Қорыта айтқанда, қазақ тілін құрметтеу – елді құрметтеу. Мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеру әрқайсымыздың күнделікті әрекетімізден басталады. Тілімізді ардақтап, оны дұрыс әрі сауатты қолдану – ұлттық құндылықтарымызды сақтаудың ең маңызды жолдарының бірі.

Тіл – ұлттың жаны. Мемлекеттік тілді сақтау және дамыту – баршамызға ортақ міндет әрі ұрпақ алдындағы қасиетті жауапкершілік.

Гүлжазира ТУЛЕУОВА,
Қаражал қалалық сотының
аға сот приставы.

Кітап – қазына

Кейде бір кітаптың бір ғана беті адамға жаңа ой сыйлайды. Бір шығарма өмірге деген көзқарасты өзгертсе, енді бірі өткенді танытып, болашаққа бағдар береді. Сондықтан, кітаптың қадірі – оның көлемінде емес, адам санасына қалдырған ізінде.

Қаражал қаласында өткен «КітапTime–2026» кітап фестивалі де осы құндылықтарды кеңінен насихаттауға арналды. Оқырман мен кітапты бір арнаға тоғыстырған мәдени шара кітап оқу мәдениетін қалыптастыруға, әдебиетке қызығушылықты арттыруға және рухани құндылықтарды дәріптеуге бағытталды.

Фестиваль барысында кітапсүйер қауым бас қосып, әдебиет төңірегінде ой бөлісті. Түрлі кездесулер мен шығармашылық шаралар арқылы оқырмандар жаңа дүниелермен танысып, кітаптың адам өміріндегі орны туралы пікір алмасты.

Кітап оқу – бос уақытты өткізудің бір жолы ғана емес. Ол адамның ойлау қабілетін шыңдап, сөздік қорын молайтып, дүниені қабылдау аясын кеңейтеді. Әдеби шығармамен танысқан сайын оқырман өзгенің тағдырын, өзге дәуірдің тынысын, түрлі адам мінезін таниды. Осы арқылы оның өмірге деген көзқарасы да толығырақ түседі.

Әсіресе, баланы кітапқа жақындатудың маңызы ерекше. Бала кезінен әдебиетпен дос болған жас өз ойын жинақтап айтуға, тың ақпаратты саралауға, қиялын дамытуға бейімделеді. Сондықтан, кітапқа деген сүйіспеншілікті

Рухани азыққа толы күн



қалыптастыруда ата-ана мен ұстаздың, кітапханашы мен мәдениет қызметкерінің ықпалы зор.

Қазіргі уақытта ақпараттың басым бөлігі цифрлық кеңістікте тарайды. Смартфон мен интернет күнделікті өмірдің ажырамас бөлігіне айналғанымен, кітаптың орны өзгерген жоқ. Керісінше, электронды және аудиокітаптардың пайда болуы әдеби мұраға қол жеткізудің жаңа мүмкіндіктерін ұсынып отыр. Маңыздысы – кітаптың қандай форматта оқылғанында емес, одан қандай ой түйілгенінде.

Кітаптың тағы бір қасиеті – ұлт пен ұрпақты байланыстыруында. Қазақ әдебиетінің жауһарлары халқымыздың тарихын, тұрмыс-тіршілігін, салт-дәстүрін, арман-мұратын танытады. Ұлттық шығармаларды оқу арқылы жас буын өзінің рухани тамырымен танысады. Ана тілінің байлығын сезініп, туған елінің өткені мен бүгінін зерделейді.

Осы тұрғыдан алғанда, «КітапTime–2026» фестивалінің маңызы бір күндік мәдени шара шеңберінен әлдеқайда кең. Мұндай бастамалар оқырманды кітапханаға жетелеп, әдебиетке деген қызығушылықты арттырып қана қоймай, адамдар арасында ой бөлісу мәдениетін қалыптастыруға да ықпал етеді.

Фестивальдің аяқталуы – кітапқа деген қызығушылықтың аяқталғанын білдірмейді. Керісінше, мұндай кездесулерден кейін оқырманның жаңа кітапты қолына алып, жаңа авторды тануға деген ынтасы оянса, шараның негізгі мақсатының орындалғаны. Кітап – үнсіз сырлас, сарқылмас білім көзі. Оны оқыған адам өзгенің ойын таниды, өз ойын таразылайды. Ал кітапты серік еткен ұрпақтың рухани әлемі де байи түседі.

Қаражалдағы «КітапTime–2026» фестивалі кітаптың адам өміріндегі мәнін тағы бір мәрте айшықтап, әдебиеттің адамдарды біріктіретін рухани күш екенін көрсетті. Кітап оқылған жерде ой оянады. Ой оянған жерде ізденіс басталады. Ал ізденген ұрпақ – елдің ертеңіне айналады.

Досан ДУЛЫҒАЛЫ.

Директор
Жалғасқан ҚҰРМАНСЕЙІТОВ

Бас редактор
Асель КУРБАЛОСОВА
Техникалық редактор
Айгүл БАЙПЕЛОВА

«Қазыналы өңір» газеті редакциясы
ЖШС

Қаражал қаласы, Сары Тоқа, 1
Тел: 2-61-02, k_onir2025@mail.ru

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және мұрағат комитетінде 2012 жылғы 22 мамыр 12759-Г куәлігімен тіркелген.

ИИН 001140000674
KZ 40601717000000329
БИК HSBKZKX АО «Halyk bank»
Код Кбе 18
Газет сенбі сайын шығады
Көлемі 2 б/т
Индекс 200122
Таралымы 1000
Тапсырыс 36

Газет «Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылды.
Қарағанды қаласы, Сәтбаев көшесі, 15.
Жеке авторлар мақаласы редакция көзқарасын білдірмейді.
Мақала нақтылығына авторлар жауап береді.
Мақала авторларға қайтарылмайды.
Жарнаманың нақтылығына жарнама берушілер жауапты.